

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Психикалық денсаулық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізілген ішкі талдаудың
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

2024 жылғы 6 қыркүйек

Ішкі талдау жүргізу объектісінің толық атауы:

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Психикалық денсаулық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - *Кәсіпорын*).

Ішкі талдау жүргізудің негіздері:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары және Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Психикалық денсаулық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2024 жылғы 3 қыркүйектегі №114/1 бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың бағыты:

- 1) Кәсіпорынның қызметіндегі нормативтік құқықтық актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Кәсіпорынның қызметіне уәкілетті органдар тарапынан жүргізілген тексерудің нәтижесі бойынша ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
- 3) Кәсіпорында көрсетілетін медициналық қызметтерінің лицензияға сәйкес жүргізілуіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды тұлғалар) немесе жұмыс тобының персоналдық құрамы:

1. Ережепов Ерлан Валиханович – Бас дәрігердің орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі;
2. Говоров Валерий Николаевич – Сарапшы дәрігер, жұмыс тобының мүшесі;
3. Иманкулов Абен Рахманович - ЕҚ және ТҚ инженері, жұмыс тобының мүшесі;
4. Сихымбаев Рустем Игілікұлы – Комплаенс офицер, жұмыс тобының мүшесі.

Ішкі талдауға өзге субъектілердің мамандары мен сарапшылары тартылған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2024 жылғы 03-06 қыркүйек аралығы (3 күнтізбелік күн).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2023 жылғы 3 қаңтар мен 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезең.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды тұлғасы: Ережепов Ерлан Валиханович.

I. Кәсіпорынның қызметіндегі нормативтік құқықтық актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы №ҚР ДСМ-224/2020 Бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына (*бұдан әрі – Стандарт*) сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

Аталған Стандартта, медициналық-әлеуметтік оңалту – жұмысқа араластыруға, отбасылық және қоғамдық өмірге қатыстыруға арналған медициналық, әлеуметтік және еңбек іс-шараларын пайдалана отырып, науқастар мен мүгедектердің денсаулығын қалпына келтіру жөніндегі шаралар кешені болып табылатындығы көрсетілген.

Оңалту бөлімшелері (құрылымында емдеу-еңбек шеберханалары, оқу сыныптары, студиялар, спорт секциялары, қосалқы шаруашылықтар және басқалар құрылады).

Стандарттың 19-тармағында, психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (*бұдан әрі – ПМБ*) бар адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшесінің және тәуелділіктерді әлеуметтік оңалту бөлімшесінің қызметі:

- 1) ПМБ бар адамдарды әлеуметтендіру және еңбекпен оңалту;
- 2) ПМБ бар адамдардың кәсіпорында немесе Әлеуметтік қамсыздандыру мекемесінде жұмысқа орналасуына және жаңа кәсіпті меңгеруіне жәрдемдесу;
- 3) кәсіптік қызметтің жекелеген түрлерін, сондай-ақ жоғары қауіптілік көздерімен байланысты жұмыстарды қоспағанда, еңбек қызметінің кез келген түрін заңнамаға сәйкес ұйымдастыруды қамтуға тиіс.

Стандарттың 20-тармағында, ПМБ бар адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту және психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелді адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту процесінде өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін

қызметтерді психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйым өткізеді.

Стандарттың 81-тармағында, психикаға белсенді әсер ететін заттар қолдану салдарынан ПМБ бар ересектерді медициналық-әлеуметтік оңалту еңбек терапиясымен қамтылуы тиіс екендігі көрсетілген.

Өз кезегінде Кәсіпорынның бекітілген жарғысының 11-тармақшасында Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады. Бұдан бөлек 51-тармақшасында Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізетіндігі көрсетілген.

Алайда, ПМБ бар адамдарды әлеуметтендіру және еңбекпен оңалту үшін, Кәсіпорында арнайы материалдық-техникалық жабдықтар жоқ және оны сатып алу үшін тиісті қаражат қарастырылмаған.

Сонымен қатар, «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазанындағы №ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығымен бекітілген ақы төлеу психикалық және наркологиялық науқастар тіркелімінде тіркелген, Психикалық денсаулық орталығының бір науқасына айына жүзеге асырылатын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық қызметтерге кешенді тарифінде, ПМБ бар адамдарды әлеуметтендіру және еңбекпен оңалту үшін қаржыландыру жолы қаралмаған.

Бүгінгі таңға Кәсіпорында жоғарыда аталған жағдайларға байланысты Стандартта көрсетілген оңалту бағыты белсенді емес болып тұр.

Анықталды:

Стандарттың 19-тармағына сәйкес психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар адамдарды әлеуметтендіру және еңбекпен оңалту бойынша жұмыстар тиісті деңгейде жүргізілмеуде екендігі анықталды.

Тәуекелді жою бойынша ұсыным:

ПМБ бар адамдарды әлеуметтендіру, еңбекпен оңалту және жаңа кәсіпті меңгеруіне жәрдемдесу, сонымен қатар оңалту процесінде өндірілетін тауарларды сатымға шығарып, Кәсіпорынның табысын ұлғайтуына оң нәтижесін тигізу мақсатында, Кәсіпорын құрылымындағы емдеу-еңбек шеберханаларына тігін машиналарын, токарлық және фрезерлік станоктарын сатып алу үшін, жергілікті бюджет есебінен тиісті қаржыны қарастыруына ықпал ету туралы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасына хат жолдау.

II. Кәсіпорынның қызметіне уәкілетті органдар тарапынан жүргізілген тексерудің нәтижесі бойынша ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министірлігі Шымкент Қаласының төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік мекемесі тарапынан 07.08.2024 жылғы №26 бұйрығы негізінде, 2024 жылғы 12-14 тамыз аралығында Кәсіпорында тексеру жұмыстары жүргізілді.

Анықталды:

Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған ұйымдарға қатысты азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау шеңберіндегі №1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18 тексеру парақтарына сәйкес орын алынған Яғни:

Азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшені немесе жекелеген қызметкерлерді құру туралы құқтық актісі жоқ;

Азаматтық қорғаныс бастығы бекіткен азаматтық қорғаныс жоспарын бекіту қажет;

Объектілік сипаттаға төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту;

Төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс қимыл жоспарының және азаматтық қорғаныс жоспарының құрылымы мен мазмұнына сәйкестігін дайындыққа келтіру қажет;

Азаматтық қорғаныс мүлікін сақтауға арналған қойма үй жайларын әзірлікке келтіру қажет;

Азаматтық қорғаныс мүлікінің қорларын дайындықта ұстау және қажетті мөлшерде болуын дайындыққа келтіру қажет;

Ұйымда азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарын құру туралы құқытық актісі жоқ, әзірлікке келтіру;

Азаматтық қорғау құралымдарының автомобиль, инженерлік (арнайы) техникасының болуын дайындыққа келтіру қажет;

Азаматтық қорғау құралдарында құрал жабдықтарының, құралдар мен материалдардың болуын дайындыққа келтіру қажет;

Азаматтық қорғау құралымының әрбір мүшесін таныс алу органдары, қоғау құралдары мүлдем жоқ, сатып алу қажет;

Талап етілетін, жарамды құлақтандыру жүйесінің болуы қажет;

Азаматтық қорғау бойынша сабақтар өткізуге арналған құралдар жиынтығының жіне азаматтық қорғау бойынша бұрышын дайындыққа келтіру қажет;

Әрбір әкімшілік және өндірістік ғимаратта көп биінді кабинетінің немесе бір-бірден азаматтық қорғау бұрышын дайындыққа келтіру қажет;

Ұйым басшысы бекіткен оқу топтары, сабақ жетекшілері тізімнің және сабақ өткізу кестесін бекіту, дайындыққа келтіру қажет;

Азаматтық қорғау саласында өткізілген сабақтарды есепке алу журналын әзірлеп, дайындыққа келтіру қажет;

Ұйым қызметкерлерінің азаматтық қоғау саласында оқытудан өткені туралы анықтамаларды әзірлеп, дайындыққа келтіру қажет;

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшілеріне ұйымдастырушылық құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, азаматтық қоғау саласында оқу жаттығулар мен машықтануларды өткізу туралы анықтама құжаттарын ретке келтіріп, ұсыну қаже;

Азаматтық қорғаудың негізгі құралдарының, оның ішінде шұғыл ден қою жасағының құрамын кіретін және авариялық құқытар жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ететін құралымдарды әзірлікке келтіріп, сапқа тұрғызып дайындыққа келтіру қажет.

Тәуекелді жою бойынша ұсыным:

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент Қаласының төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік мекемесі тарапынан анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті шаралар атқарылып, орындалуы жөнінде хат жолдау.

III. Кәсіпорында көрсетілетін медициналық қызметтерінің лицензияға сәйкес жүргізілуіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Кәсіпорын «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Шымкент қаласы бойынша филиалымен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық қызметтер көрсетуге тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде 31.12.2023 жылғы №Е-18-0124-00199 санды келісімшарт түзілген.

Орталықта мына мекенжайлар бойынша 7 өндірістік базасы бар:

- Ерiмбетов көшесi, 17 үй;
- ш / а. Айқап, Парникова көшесi, №35;
- ш / а. Наурыз, № 597 уч.;
- Ташкент тас жолы 33А;
- Кремль көшесi № 11/8;
- Майла Қожа көшесi № 5;
- Байтиленов көшесi №28.

Өндірістік база Ерiмбетов көшесi, 17-үй

Стационарлық көмек көрсету, психотроптық заттар қолдану фактiсiн және мас күйiн анықтау үшiн тәулiк бойы куәландыру кабинетi және зертханалық-диагностикалық бөлiмше.

- Медициналық қызметке лицензияның болуы (көрсетiлетiн қызмет түрлерiне лицензияға қосымшалар.

Медициналық қызмет көрсетуге 14.11.2019 жылғы № 0000020dx үшiн № 002-004 қосымшадан бастап медициналық қызметке лицензия бар.

Көрсетілетін медициналық қызметтерді лицензияға қосымшалармен салыстыру «гастроэнтерология» және «педиатрия» мамандықтары бойынша тәулік бойы стационар бойынша лицензиясыз қызметті анықтады.

Анықталды:

Медициналық қызметтер 7 өндірістік базада көрсетіледі.

Көрсетілетін медициналық қызметтерді лицензияға қосымшалармен салыстырып тексеру кезінде «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заң) өндірістік базалар бойынша талаптарының бұзылуы анықталды:

- Наурыз, № 597 уч. мекен-жайы бойынша "медициналық оңалту, қалпына келтіру лечение" мамандығы бойынша лицензиясыз қызмет.

- Кремль көшесі № 11/8 мекенжайындағы өндірістік база бойынша "күндізгі стационар" стационарды алмастыратын көмек бойынша лицензияға қосымшаның болмауы.

- "Гастроэнтерология" және "педиатрия" мамандықтары бойынша тәулік бойы стационар бойынша Ерімбетов көшесі, 17-үй мекенжайы бойынша.

- ш / а өндірістік базасы бойынша. Айқап, Парникова көшесі, №35-ересектер мен балаларға консультативтік – диагностикалық медициналық көмек мамандықтар бойынша.

- өндірістік база бойынша Байтиленов көшесі №28 - "медициналық оңалту, қалпына келтіру".

Тәуекелді жою бойынша ұсыным:

Медициналық қызметтер «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес лицензияға және қосымшаларға сәйкес көрсетілсін.

Өндірістік базаларда медициналық қызметтерді рұқсат құжаттарына сәйкес көрсету.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар:

1. ПМБ бар адамдарды әлеуметтендіру, еңбекпен оңалту және жаңа кәсіпті меңгеруіне жәрдемдесу, сонымен қатар оңалту процесінде өндірілетін тауарларды сатымға шығарып, Кәсіпорынның табысын ұлғайтуына оң нәтижесін тигізу мақсатында, Кәсіпорын құрылымындағы емдеу-еңбек шеберханаларына тігін машиналарын, токарлық және фрезерлік станоктарын сатып алу үшін, жергілікті бюджет есебінен тиісті қаржыны қарастыруына ықпал ету туралы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасына хат жолдау.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министірлігі Шымкент Қаласының төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік мекемесі тарапынан анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті шаралар атқарылып, орындалуы жөнінде хат жолдау.

3. Медициналық қызметтер «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес лицензияға және қосымшаларға сәйкес көрсетілсін.

Өндірістік базаларда медициналық қызметтерді рұқсат құжаттарына сәйкес көрсету.

4. Заңда белгіленген тәртіпте осы талдамалық анықтаманы Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсына жариялауды қамтамасыз етілсін.

5. Ұсынымдарды орындау бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсін.

Бас дәрігердің орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі




Ережепов Ерлан
Валиханович

Сарапшы дәрігер, жұмыс тобының мүшесі



Говоров Валерий
Николаевич

ЕҚ және ТҚ инженері, жұмыс тобының мүшесі



Иманкулов Абен
Рахманович

Комплаенс офицер, жұмыс тобының мүшесі



Сихымбаев
Рустем Игілікұлы